"Алматыжылукоммунэнерго" АҚ беретін ыстық су мен жылуды пайдаланғаны үшін төлемді бекіту туралы

*Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімінің 1998 жылғы 7 шілдедегі N 642 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 20 сәуірде N 46 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 5/778 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 31.12.2003 № 5/778 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылгы № 1377 "Коммуналдық қызмет үшін төлемді белгілеу төртібі туралы“ Қаулысы негізінде, Алматы қалалық Мәслихаттың 1998 жылғы 25 наурыздағы "Алматыжылукоммунэнерго" АҚ беретін жылу энергиясы мен химиялық тазаланған суға тарифтер туралы" 1 шақырылған ХҮІІІ сессиясының Шешіміне сөйкес сондай-ақ тұтынушылар топтары бойынша тарифтердің, теңгермешілдігін жою жөніндегі бағдарлама бойынша, Алматы қаласының Әкімі

## ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұрғындарға № 1-қосымшаға сөйкес ыстық су мен жылуды пайдаланғаны үшін төлем бекітілсін.

2. Осы шешім өз күшіне 1998 жылғы 1 шілдеден бастап енеді.

*Алматы қаласының әкімі В. Храпунов*

Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 07 шілдедегі № 642 шешіміне № 1 қосымша

"Алматыжылукоммунэнерго" АҚ жеткізіп беретін ыстық суды, жылуды пайдаланғаны үшін

## ТӨЛЕМДЕР

1. ҚҚС-н қоса алғанда, ай сайын 1 адамға шаққанда ыстық сумен қамтамасыз ету тарифтері

а) ыстық сумен орталықтандырылған төсілмен қамтамасыз етілетін тұрғын

үйлерде 392-00 теңге

б) қол жуғыштармен, душтармен жабдықталған үйлерде 323-91 теңге

в) отырып жуынатын ванналары бар, душтармен жабдықталған үйлерде 353-93 теңге

г) қол жуғыштармен жабдықталған үйлерде 93-39 теңге

2. 1 шаршы м. пайдалы алаңға шаққанда орталықтандырылған жылу үшін, ҚҚС-н қоса алғанда, өр ай сайын, жыл бойы үздіксіз тұрғындардан ұсталатын тарифтер 21-39 теңге

Алқа хатшысы К.Тәжиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК